

## Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP14869303 «Қазақстанның ежелгі және қазіргі мәдениетіндегі қасқыр мен иттің рөлін этнозооархеологиялық зерттеу»
Жоба өзектілігі	<p>Этнозооархеология – этнологиялық, археологиялық және зоологиялық зерттеулерді біріктіретін пәнаралық ғылым саласы. Қазақстанның іргелі ғылыми зерттеулерінде - бұл бағытта қолданылатын тұңғыш жоба.</p> <p>Бұл жоба Қазақстандағы аса маңызды тақырыпты этнозооархеологиятұрғысынан зерттеуді көздейді, мұнда жерсіндірудің алғашқы іздері 8 ғасырға дейін сақталған және негізгі ақпаратты қасқыр/ит сүйектері мен жерлеулердің талдауларынан, жартастағы суреттерден, этнографиялық талдаулар мен генетикалық зерттеулерден алуға болады. Қазақ және түркі халықтарының Көкбөріге табынуы, Көкбөрінің ұрпағымыз деп санауын палеоэтнографиялық тұрғыда жаңа білімдер негізінде сараптаудың қажеттілігін алға тартады.</p>
Жоба мақсаты	<p>Жобаның негізгі мақсаты этнографиялық деректер, қорымдар мен қоныстардан археологиялық қазбадан табылған қасқыр мен ит сүйектерінің қалдықтары, қолданбалы сәндік өнер туындыларындағы мен жартастағы суреттердің бейнелерін, сондай-ақ 14С остеологиялық және генетикалық талдаулармен бекітілген зооархеологиялық зерттеулерді зерделеу арқылы Қазақстанның голоцен және дәстүрлі мәдениеттеріндегі адамдар және қасқыр мен иттердің өзара қарым-қатынасын зерттеу болып табылады.</p>
Жоба міндеттері	<p>- Қасқырларға, иттерге және олармен байланысты қоныс, тайпаларға қатысты археологиялық және этнографиялық деректердің мәліметтер базасын жасау. Ол 4 дерекқордан тұратын болады: а - жерленген қасқыр мен ит сүйектері (тұрақтарда, тұрмыстық/шаруашылық шұңқырларда, қарапайым бейіттерде, элиталық қорымдарында, қоныстарда және т.б.); ә - қолданбалы нысандардағы көркем бейнелер (тас, ағаш, металл, сүйек, саз, тоқыма материалы); б - Қазақстанның петроглифтік ескерткіштерінің жартас-өнер суреттері; в – тарихи-этнографиялық жазбалар (деректер, статистикалық мәліметтер).</p> <p>- Осы құрылған деректер қорларының тақырыптық сандық-салыстырмалы талдауларын әзірлеу: географиялық орналасуы; хронологиясы; түрлердің әртүрлілігі және қоршаған орта; қасқырлар мен иттерге байланысты мәдени-антропологиялық ерекшеліктер: көне жәдігерлер, киелі культ және наным-сенім жүйелері, этнолингвистикалық деректер, қасқыр аулаудың дәстүрлі әдістері, қасқыр терісін өңдеу, тазы мен төбеттерді аңшылық пен бақташылыққа үйрету, этномедицина, т.б.; тәжірибелік және қасқыр мен ит жерлеу қызметтері; жарияланған адам ДНҚ және ежелгі-ДНҚ (а-ДНҚ) деректері бойынша ежелгі адамзат мәдениетінің көші-қон жолдары;</p> <p>- Тандалған аймақтардағы ақпаратты жаңартуға арналған далалық зерттеулер жүргізу. Археологиялық зерттеулер Сырдария өзені аңғарында ит қорымдарының ең көп шоғырланған жерлеріне, ал Шу-Іле мен Тарбағатай тауларына</p>

	<p>оңтүстік пен солтүстіктің әртүрлі климаттық және мәдени әсерлеріне ұшыраған бай петроглифтік мұрағаттарына қатысты болады. Этнографиялық және зоологиялық далалық зерттеулер қазақ халқы мен даласына тән танымдар, түрлер, құндылықтар жақсы сақталған екі аймақта шоғырлы зерттейді: Сырдария өңірі мен Алтай таулары аңғары. Аңшылық дәстүрлерді (қасқыр, тазы, төбетпен байланысты) зерттеу үшін Батыс Қазақстан өңірінің 4 аймағында қосымша зерттеулер жүргізілетін болады.</p> <p>- Зооархеологиялық зерттеулер: а - қасқыр мен иттердің қорымдары және ДНК талдаулары туралы басылымдар; ә - Қазақстандағы қазіргі қасқыр мен иттердің, соның ішінде сұр қасқырдың (еуразиялық, каспийлік) және иттердің түрлерінің остеологиялық-генетикалық талдаулары; б - таңдалған археологиялық орындардағы қасқыр мен ит сүйектерінің остеологиялық және а-ДНК талдаулары.</p> <p>- жиналған деректер негізінде голоцен эволюциясын және ит түрлерін қолға үйретуді түсіндіру және қайта құру; қасқыр аулаудың жойылған көне әдістерін, қасқыр/итпен байланысты байырғы символдар мен атрибуттар жүйесін қайта құру.</p>
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	Зерттеу нәтижелері халықаралық және отандық деңгейде рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланады; «Қазақстан және Орталық Еуразияның ежелгі және қазіргі азулылары» атты иллюстрациялық ғылыми кітабы (ағылшын тілінде) ғылыми айналымға енеді.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер	<p>1. Картаева Тәттігүл Ерсайынқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, этнограф - h-index – 2, ResearcherID - <a href="https://orcid.org/0000-0001-6180-4107">012312014</a>, <a href="https://orcid.org/0000-0001-6180-4107">https://orcid.org/0000-0001-6180-4107</a>, Scopus Author ID - <a href="https://orcid.org/0000-0001-6180-4107">56509526900</a>.</p> <p>2. Әлімбаев Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, этнограф - h-index -2, <a href="https://orcid.org/0000-0002-9670-5974">https://orcid.org/0000-0002-9670-5974</a>, Scopus Author ID – 55860087100.</p> <p>4. Сала Ренато, археолог - h-index – 6, <a href="https://orcid.org/0000-0003-0845-3672">https://orcid.org/0000-0003-0845-3672</a>, Scopus Author ID – 8834511400.</p> <p>5. Деом Жан-Марк, археолог - h-index – 6, <a href="https://orcid.org/0000-0002-9670-5974">https://orcid.org/0000-0002-9670-5974</a>, Scopus Author ID – 567128419500.</p> <p>6. Плахов Константин Николаевич, кинолог, зоолог, биоәртүрлілік бойынша сарапшы - h-index – 1, <a href="https://orcid.org/0000-0001-8627-2311">https://orcid.org/0000-0001-8627-2311</a>, Scopus Author ID – 56728663500.</p> <p>7. Гермес Тейлор, биоархеолог, археогенетик – h-index -7, <a href="https://orcid.org/0000-0002-8377-468X">https://orcid.org/0000-0002-8377-468X</a>, Scopus Author ID – 57203940917.</p> <p>8. Бейсегулова Айнұр Қадырғалиқызы, PhD, этнограф - h-index – 2, <a href="https://orcid.org/0000-0002-1470-1751">https://orcid.org/0000-0002-1470-1751</a>, Scopus Author ID – 57200214543.</p>
Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)	<p>Tattigül Kartaeva. «Kazakistan'ın Eski ve Modern Kültüründe Kurt ve Köpeğin Rolünün Etnozooarkeolojik Araştırması» adlı temel araştırma projesi.</p> <p>Akademik Tarih ve Düşünce Dergisi . <a href="#">Yıl 2023</a>, Mart, Cilt: 10 Sayı: 1, 82 – 86.</p>

	<p><a href="https://dergipark.org.tr/tr/pub/atdd/issue/76358/1272039">https://dergipark.org.tr/tr/pub/atdd/issue/76358/1272039</a> Бейсегулова А., Терекбаева Ж. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен мифологиялық танымындағы иттің бейнесі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. Том 110 № 3 (2023): 227-237 бб. <a href="https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1751">https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1751</a> DOI: <a href="https://doi.org/10.26577/JH.2023.v110.i3.020">https://doi.org/10.26577/JH.2023.v110.i3.020</a> Картаева Т. Этнологтар шындалатын мектеп – далалық зерттеу. «Қазақ әдебиеті» газеті, №21, 2023. - 22-23 бб.</p>
Патент туралы ақпарат	-